

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

егеменді тәуелсіз ел үшін қиналып, айтқан шындығы үшін шымбайына бататын сөз естіп, жазасын арқалаған қандастарымыз бен ата бабамыздың қалауы осы дүние ма еді? Соншалықты қиналғанының, төккен тері осылай бекерден кетіп, басқа тілге бет бұрып кеткендігін көрсе қандай жағдайда болады деп ойлайсыздар. Егемендік үшін жасаған барлық іс әрекеттерін бекер болды деген ойға да келуі мүмкін емес пе? Біз өзімізге берілген әр мұраға мұқияттылықпен қарап оны дәріптеуіміз керек. Осы дүниелердің барлығы ана тіліміздің кішкентайда болсын жылжуына әсер етеді деген үміттемін. Болашақ жастардан көп дүние күтемін!

Біздің мақсатымыз –Тәуелсіз Қазақстанның егемендігін сақтау, еліміздегі ішкі бірлікті нығайтып, ұлттар татулығына сызат түсірмеу. Жаһандану заманында өз елінің тарихын, мәдениеті мен дәстүрін, ана тілін жетік меңгеріп, оның қасиетін түсіне білген халық қана мәңгі жасай алады және өркендеудің даңғыл жолынан адаспайды. Біздің басты құндылығымыз – төл тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз, дәстүрлі дініміз. Ұлтымыздың ұрпақтар сабақтастығы мен үлкендерге құрмет, кішіге ізет көрсету тәрбиесі отбасында қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады. Ұлтты құрметтеу – атап өткен барша ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құрмет көрсету, сақтау. Ұлтсыздану ұлтты, мемлекетті әлсіретеді. Қоғам дамуын тежейді. Бұл – тарихи шындық. Сондықтан тарих, замана алдындағы ұлы сынақ кезінде біз өз таңдауымызды жасадық. Әлемдік озық құндылықтарды игере отырып, оны ұлттық құндылықтарымызбен байыта берсек қателеспейміз дегім келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 1998. – 203б.
2. Қасымжанов А.Х. Рухани тамырлар // Қазақ жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы . – Алматы: - Білім, 1994. - 108б.
3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Алматы: Санат, 1997. - 462 б.
4. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы. 2000. – 180 б.
5. Айдарбеков З.С. Казахстанская молодежь: ценности, приоритеты, стратегии самоопределения. – Алматы: Исламнур, 2008. – 328с.

ӘОЖ 81-22

ЖАСТАРДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖҰТАНДЫҒЫ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Андир Тамирис, Абдрахман Аяла

tooomirisandir@gmail.com

орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – проф.м.а. Б.С.Абдуова

Кіріспе. Орыс тілді топтарда жүргізілетін қазақ тілі курсының сағат саны тым аз және оның өзі тек бірінші курста ғана екендігі жасырын емес. Мектепті бітіріп келген түлектердің жоғары оқу орындары талап ететін тілдік құзыреттілігі кейде ақсап жататыны бар. Оның себебін өздері «үйде бәріміз орысша сөйлейміз, мектепте тек грамматика оқыдық, тест үлгілеріне дайындалдық, сыныпта қазақша сөйлемейтін едік, т.б» секілді жауаптармен түсіндіреді. Ал еліміздегі оқу орындары олардың мектеп қабырғасында он жыл оқыған қазақ тілін ескеріп, орташа және одан жоғары деңгейде тілдік білім алып келген деп қабылдайды. Алғашқы сабақтарда-ақ студенттердің мемлекеттік тілімізді қаншалықты меңгергендігі айқындалып қалады. Олардың көбіне еркін сөйлеуі, жылдам сұрақтар қойып, әдеби тіл нормасына тән сауатты жауап беруі талап етіледі. Қазақ тілінде сөйлеу өз алдына, берілген тапсырмалар мен талаптар үдесінен шыға білу мүлде басқа өлшем екендігін түсіне бермейді.

Негізінен білім алушылар үйреніп жатқан тілді меңгеру барысында дұрыс, сауатты қолдануды, жазба жұмыстарын жетілдіруді үйренеді. Сөйлеу мәдениетімен қоса, аудиториядағы және оқу аудиториясынан тыс шығатын нақты проблемалық ізденушілік, ғылыми, шығармашылық тапсырмаларды шешуге бағытталған пәнаралық және интегративтік сипаттағы жұмыстарды орындайды.

Шет тілдерін меңгеріп, жаңа тілде сөйлеуге басымдық бергендіктен бе, әлде туған тілде сөйлеуді намыс көргендіктен бе, жастар қауымы ана тілінде қанатын кеңге жайған қырандай еркін сөйлей алмай, іркіліп жатады. «Бүгінгі жастардың тіл жұтандықтары неден, неге қазақ тілінде еркін сөйлейтін жастар азайып кетті?» деген сауалдардың жауабын табуға тырысып көрейік.

Қазіргі ғаламдық мәселе дейміз бе, тек қазақ емес, бүкіл адамзаттың қажеттілігі болып отырған – ағылшын тілін меңгеруге ұмтылып, батысқа еліктеуден, Қазақстанда тұрып, орыс тілінде сөйлеуден туындайтын факторлар – жастардың ана тілімізде еркін сөйлеуіне кедергі жасап қана қоймай, ұмыт болуына да жол ашып жатқандай. Тіл – қарым-қатынас құралы, тіл – сөз алмасу құралы. Егер сол тілде кімде-кім адамдармен байланысқа түспесе, пікір алмаспаса ол тілдің қолданыстан шығатыны, бірте-бірте ұмыт болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін аргумент емес пе?!

Зерттеу нысаны. Әдеби тілдің нормасы жөнінде ғалым С.Исаев қазақ әдеби тілінің тарихына байланысты оқу құралында (1989) «Әдеби тіл – белгілі бір халықтың сұрыпталған, нормаға түскен, баршаға ортақ тілі, сол халықтың қоғамдық мәдени өмірінің құралы мен рухани, әдеби байлығын жеткізудің көрсеткіші» десе, академик Р.Сыздық «Сөз сазы» еңбегінде былай деп жазады: «Әр тілдің өзіне ғана тән дыбысталу заңдылықтары бар. Бұл – сол тілдің дербес белгісі. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол тілдің табиғатына нұқсан келеді» [1]. Тіл мәдениеті мәселесінде көрсетілгендей, бұл заңдылықтар тіл білімінің салаларымен байланыста қарастырылады. Ғалым Н.Уәлиев «Сөз мәдениеті» (1984) еңбегінде тіл мәдениетіне лексика тұрғысынан келеді. Кітап «Сөз байлығы», «Сөз тазалығы» т.б. тараулардан тұрады. Ғалымның осы еңбегі Ы.Мамановтың «Тіл мәдениеті», академик М.Серғалиевтың әдеби тіл нормалары, сөйлеу мәдениеті жайлы еңбектерімен үндеседі.

Тіл – тірі құбылыс, әрқашан айналымда, қолданыста жүреді. Тіл мәдениеті ұғымына тоқталар болсақ, тілдік норманы сақтап сөйлеу, дұрыс жазу, дұрыс қолдана білу. Бірақ бұл ұғымның дәл өз мағынасына тереңірек тоқталсақ, сөздік қоры дамыған, бай тілдің ұлт мәртебесін асқақтатып, халқына қызмет ету үшін қарапайым сөйлеу тілінен бастап, сан түрлі бояуға қаныққан тілге айналуы сатысындағы күрделі қалыптасу тарихы барын білеміз. Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асыратын – тіл. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, айтысу, т.б. әрекетіне тікелей қатысты құбылыс. Тіл мәдениеті жайлы бірнеше ғылыми тұжырымдарға тоқталатын болсақ, М. Балақаев: «Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» дейді [2, 17] Ал Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық» деп анықтама береді [3,13]. Тілші-ғалым Р. Сыздық тіл мәдениеті жайлы: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» дейді [4, 24–25]

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді

«сөзі маржандай екен» деп дәріптейді. Ал Ж. Баласағұнның «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп дәл айтқаны бар.

Сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталай беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене іс-қимылдарын араластыра беру – сөз мәдениетіне жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру де сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады.

Сөйлеу мәдениеті – үлкен қасиет, мазмұны жағынан терең, ұтымды, әділетті, көркем, ғылыми, бай, халық тілі. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жетуіміз қиын. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деп ұлы Абай тегін айтпаған.

БАҚ кейде қазақ тілінің әдеби нормасын өрескел бұзады. Бұрын-соңды тілімізде болмаған *«болып табылады», «күтілуде», «бар ғо, айттым ғо», «койышш», «неістепатсын», «варажатрм»* дегендерге қосылып *«жол көлік оқиғасы орын алды», «автобустың қатысуымен болған жол апаты», «президентпен қол қойылған», «екінші рет әке атанды»,* тағы басқа сорақы сөздер мен сөз тіркестері көбейіп барады. «Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті өзгеше дәрежеде, жастардың бір ауыз сөзді кібіртіктеп, ойланып барып әрең жеткізетінін көріп жүрміз. Тілді бақылау жүйесінен, нақты тіл саясатынан, БАҚ-тағы цензурадан және қазіргі заманғы көркем әдебиеттен бас тарту, компьютерлік-технологиялық прогресс ең алдымен жастардың тұтас тілдік бейнесін бұзды. Сөйлеу барысында жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді шектен тыс көп пайдаланып, оның үстіне қазақша қосымша жалғап, тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзып қолданып жүргендері бар. Жастар дағдысына қарай бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі оларды кез келген жағдайда қолдана береді.

Жастардың сөйлеу мәдениетінде көзге түсетін, құлаққа жағымсыз да естілетін, өзіне тән тілдік ерекшелігі байқалатын тілдік элементтер бар. Сондай ерекшеліктердің бірі – жаргон, сленг сөздер. Қазіргі жастардың сленг және жаргон сөздеріне мысалдар көп.

Қазақ тілінде:

Жындыларский зат – күшті зат

Базар жоқ – сөз жоқ

Ағаш болу – икемсіз болу

Бұқаланба – мақтанба

Тілге жатып алыпты – шешен, әңгімені жақсы айтады

Қумашы – бос әңгіме, болмайтын нәрсе айтқанда қолданады

Ауру – адамға маза бермейтін адам

Құғынбай – артық сөйлеп кеткен, мылжың

Сасымашы – босқа сөйлемей

Капустаға қарау – қаржы (материалдық) жағдайына қарау

Миды шіріту – көп сөйлеу

жыртылу – жабайылана күлу

Базар бар ма? – әңгіме бар ма?

Орысша араластыру:

Крышасы бар, танкасы бар – қолдау көрсететін ағасы бар

Мықты шарит, прошаренный – ойлау қабілеті жылдам

Типаж болу, блатной – өзімшіл, өркөкірек

Құлаққа лапша ілу – өтірік айту
Тачкаң құтты болсын! – көлік құтты болсын!
Центр внимание болдық – бәрінің көзі бізде болды
Қрышаны тайдырмашы – ашуландырмашы
Паника болмашы – мазасызданба
Охота емес – зауқым жоқ
Потеря болу – қобалжу, әбіржу
Тема екен – күшті, керемет екен

Орысша:

Жиза – өмірлік жағдай
Ору, жыртылу – жабайылана күлу
Типа – сол сияқты, тәрізді, секілді
Забей – ұмыт, қоя сал
Пати, тусовка – сауық кеші
ё моё – мәссаған, таң қалу
Сушняк – сусын
Зубрить – жаттап алу
Читалка – оқу залы
Препоод – мұғалім, ұстаз
Общяга – жатақхана
Инет – ғаламтор
Чепуха – түк те емес
Тренька – жаттығу
Братуха, братан, бро – бауырым, досым
Угар – күлкі
Пончик – толық адам
Халява – демалыс
Фуфло – арзан
Бухой – мас
Олигарх, олигатор – бай
Тачка – машина
Таргет – мақсат
Гламурный – сәнді
Хавчик – тамақ,
Тормоз – қолыңнан ештеңе келмейді деп кемсіту

Ағылшынша:

Изи (easy) – бәрі оңай
Сорян (sorry) – кешір
Броу – жақсы
Краш – әдемі
Скилл – дағды
Кейс – жағдай (случай)
Инкам – кіріс (доход)
Эйчар (HR) – кадр қызметіндегі адам (кадровик)
Рисерч – зерттеу.

Сондай-ақ жастар әлеуметтік желіде сөйлескенде, хат алысқанда, көбінесе сөздерді қысқартып жазады және қазақ тілі әріптерінің орнына (қазақ тілі қаріптері жоқ қолданушылар) орыс, латын әріптерімен де жаза береді. Ғаламторда әдеби тілдің нормаларын сақтап отырып сөйлесу мүмкін еместігі түсінікті. Ғаламтор тілі – тез әрі жылдам қарым-қатынасқа қолайлы тіл. Оның басты ерекшелігі де осында. Әлеуметтік желілердегі хаттар мен жазбалардың

кейбірінен дауысты дыбыстарды таба алмайсың. Жылдам хат жазу үшін сөздердің ішіндегі дауысты дыбыстарды тастап кету – нағыз грамматикалық қателік. Осыған бой үйретіп алған жастардың ертеңгі күні орфографиялық ережелерге бағынбай кетпесіне кім кепіл?

Таңның атысы, күннің батысы әлеуметтік желіде отыратын жастар ұзақ жазуға еріне ме, әлде мұның өзге себебі бар ма, әйтеуір, жаргондармен қысқа ғана жазуға құмар. Тіпті сонымен қатар, ғаламтордағы кейбір жазбалардан тыныс белгілерді мүлдем таба алмайсың. Ал енді бірі сөйлемнің басын, адамның атын үлкен әріппен жазу деген ережені мүлдем ұмытқан. Бұл олардың қол және көз дағдыларына әсер етіп, сауатты жазу дағдысын жояды.

Мысалы:

слм – сәлем,

не жан — не жаңалық,

не іст жат – не істеп жатырсың,

кк – керек,

бошы – бошы,

раха – рахмет,

дсм – досым, т.б.

Калайсын? – қалайсың?

Не истеватсын – не істеп жатырсың?

бари дурыс – бәрі дұрыс,

жаксы – жақсы, т.б. [5]

Жаһандану дәуіріндегі жан-жақтан ретсіз келіп жатқан ақпараттар тасқыны жастардың санасын осындай паразит сөздермен улап жатқаны айқын. Бүгінгі жастар сленгтер мен жаргондарды әртүрлі себептерге байланысты қолдануы мүмкін: әсер қалдыру, елден ерекше болу, өзгелер түсінбеу үшін, белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін, кейде әзіл ретінде де айтып жататындары бар.

Нәтижелер. Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын ғаламтордың игілігі жетерлік. Бірақ оның қоғамға тигізер кері әсерлері де жоқ емес. Әсіресе, қазақ тілінің тілдік нормаларын бұзып бара жатқаны жанға батады. Әлеуметтік желілердегі қате сөздер мен орашалақ сөйлемдердің тасқынын ауыздықтау мүмкін болмай отыр, жасыратыны жоқ, заманауи деп танылған интернет торабының бүгінде біздің қоғам үшін онсыз да жағдайы төмен тіліміздің тазалығын сақтаудағы кері әсері көбейді. Сауаттылық, тіл тазалығы мәселелері екінші орынға шығып, ең бай, оралымды тіл деп бағаланған қазақ тілі заман ағымымен бірге лайланып бара жатыр. Оған дәлел жастардың ғаламтордағы жазбаларында, бір-бірімен хат алмасқанда немесе ауызекі сөйлескенде пайдаланатын түрлі жаргон, сленг сөздер, оған қоса бір сөйлемде қолданылатын басқа тілдегі сөздер сәнге айналып барады.

Айта кететін тағы бір жайт: қазіргі жастар көбінесе сыпайы сөздерді пайдаланбаймыз, ата-анамызға, достарымызға дөрекі сөйлейміз. Осының нәтижесінде түрлі реніштер, ұрыс-керістер пайда болады. Меніңше, біз осы қасиетімізді қойып, айналамызбен дұрыс, жылы тілдессек, ол да бізге солай жауап қайтарады.

Қорытынды. Менің ана тілім – ұйғыр тілі, бірақ «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деп айтқандай, ана тілімнен басқа қазақ, орыс тілдерін жетік меңгеріп, ағылшын тілін үйреніп жатырмын. Қазіргі қоғамымыздағы адамдардың көбі үш тілді жақсы біледі. Ағылшын тілі – әлемдік тіл, орыс тілі – халықаралық тіл болса да, мен үшін қазақ тілінің мәртебесі – ең жоғары. Себебі қазақ тілін Қазақстандағы бәріміз түсінеміз. Қазақ тілі арқылы достар табамыз, осы тілмен білім алып келеміз. Осы тіл арқылы көптеген ұлт өкілдері бір-бірімізді түсінеміз. Түсінушілік барда достық бар, достық жүрген жерде татулық та болады. Қорыта айтқанда, жастардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, ана тілін шұбарламауға көңіл бөлу керек. Теледидардағы бағдарламалар мен әлеуметтік желідегі ақпараттардың сапасын, сөздік қорын, тіліміздегі сөздердің дұрыс қолданылғанын саралап қарау, жастардың әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарын арттыру қажет. Тіл тазалығын сақтау, бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау – біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады. Тілімізге деген құрметімізді жоғалтпай, тілімізді дұрыс пайдалана білейік!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. Астана: Елорда, 2001
2. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы:Қазақстан,1984.
3. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы,1984
4. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. Алматы, 2005
5. Асылжанова, А. Б. Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті. // Молодой ученый. — 2020. — № 49 (339). — С. 587-590. — URL: <https://moluch.ru/archive/339/75972/>

ӘОЖ 81-22

ҰЛТТЫҚ ТІЛ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Арманқызы Алина

armankyzyalina253@mail.ru

Қазақстан-Ресей медициналық университеті Тіл пәндері кафедрасының п.ғ.м.,аға оқытушы,
Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Г.Токтыманова

Ұлт болған жерде тіл, тіл болған жерде оның өзекті мәселесі де болады. Қазақ тілінің өзекті мәселесі өткен ғасырдың басынан бері қозғалып келеді, әлі де біраз жылдар ізденісті талап ететіні сөзсіз. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған тіл мәселесін жаңа ғасырдың алғашқы жиырма жылдығында түбегейлі шешуге мемлекет те мүдделі. Әрине, XX ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған. Қазақ тіл білімінің сол кезге дейінгі зерттелу жайы мен жалпы тіл біліміндегі түрлі бағыт-көзқарастармен таныса отырып, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытуға тырысқан.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы пайымдар мен нақты ұсыныстар тәуелсіз Қазақстанды мемлекет ретінде, ал оның азаматтарын азат адамдар қауымдастығы дүниетанымымен қалыптастыру жолындағы ізденістерінің қисынды жалғасы болып табылады. Мұнда әлемдік және отандық тәжірибені ой елегінен өткізумен XXI ғасырдағы ұлттық сананың мәнді сипаты тиянақталып, оны замана сынағынан аман-есен алып шығатын жобалар ұсынылған. Болашақты байыпты болжай алған еңбекте екі стратегиялық міндет күн тәртібіне қойылды: біріншісі – ұлттық сананы заманауи биікке көтеру үдерісінде қазақтың қазақ қалпынан айырылып қалмау; екіншісі – жаңаша жаңғыру үстіндегі әлемдік өркениет тұлпарының күйрығынан емес, жалынан ұстап, тәуелсіз еліміз бен халқымызды тарих шаңына көмілуден сақтайтын бәсекелік қабілетін шыңдау, ең дамыған 30 елдің қатарына ену. Осы аталған екі міндеттердің қазақ тіл білімінің дамуына ұлттық тілдің жоғарғы мәртебелі сатылардан көрінуге ықпалын тигізіп жатқан бүгінде жұмыстар көп атқарылып жатқаны белгілі.

Қазіргі таңда Қазақстан қуатты да табысты мемлекет болғандықтан мемлекеттік тілдің биік тұғырға көтерілуі маңызды болып отыр. Өйткені қазақ тілі қазақ халқының ұлттық рухани байлығын көтеріп, қоғамдағы ұлттық сананың орнын белгілейді. Тіл – адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында, өндіріс пен экономикалық қатынастар саласында, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста, саясат пен мәдени салада бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін негізгі құрал екені белгілі. Ана тілі арқылы ұлттық руханиятымызды, мәдени мұраларымызды, материалдық құндылықтарымызды келешек ұрпаққа жеткізу – қазіргі қоғамның басты міндеті. Демек, бірлігі бар елдің тіршілігі жалғасып, сөйлеген сөзі, мәдениеті,